

SHĀKĀRIM SHĀŃYRAĖY



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №7 (143) тамыз

ҚҰРМЕТТІ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ ҚАРА ШАҢЫРАҚ ИЕЛЕРІ – ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР!



мұғалімі» атанған Асхат Жұмабеков сынды түлектер қарашаңырақтың атын аспанда-тып тұр. Мен өзім де осы университеттің түлегі болғанымды қашанда мақтанышпен айтамын.

Ғылым мен білім, тағлым мен дәстүрдің ошағы – Шәкәрім шаңырағының бүгінгі миссиясы – **ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген білікті маман ғана емес, Абай аңсаған толық адамды, яғни кемел тұлғаны қалыптастырып шығару.**

Демек, бүгін Шәкәрімдей киелі есім берілген университетке түскен 1 курс студенттеріне үлкен жүк артылып отыр. Біріншіден, сіздер, жас шәкәрімдіктер болсаңыздар, екіншіден осы атқа кір келтірмей төрт жылдан кейін Шәкәрім университетінің түлегі – Абай елінің парасатты азаматы болуларыңыз шарт. Ал, арысы әлем таныған толық адам, кемел тұлға болуға ұмтылу – әрқайсыларыңыздың міндеттеріңіз.

Сол үшін университет сіздерге барлық мүмкіндіктерді ұсынуға дайын.

Биыл университетімізге жоғары колледжді қосқанда 2 500-ден астам студент қабылданды. Күндізгі бөлімге түскендердің 73%-ы мемлекеттік грант иегерлері. Бұл көрсеткіш университеттің сапалық деңгейін айқындайды. 100-ге жуық «Алтын белгі» иегерлері Шәкәрімді таңдады. Алыс-жақын мемлекеттерден Абай елінде білім аламыз деген шетелдік жастардың да қарасы аз емес Пәкістан, көрші елдер – Қытай мен Моңғолиядан білім алуға келген студенттеріміз бар. Қазақстанның барлық өңірінен дерлік білімге сусап келген әрбір жасты Абай мен Шәкәрімнің елі құшақ жая қарсы алады.

Университеттің Жоғары колледжі ала жаздай қарқынды жұмыс істеп 500-ге жуық студенті бірінші курсқа қабылдады.

Мен осы 1 курсқа түскен студенттерге де, ата-аналарға да айтарым: Сіздер «еті сенікі, сүйегі менікі» деп бауыр еті балаңызды бізге сеніп тапсырған екенсіз, біз бұл жеткіншектерден білікті маман ғана емес, Абайдың аңсаған толық адамын қалыптастырып шығаруға барлық күш-жігерімізді саламыз. Ол үшін студенттерден талап етілетін екі нәрсе бар. Біріншісі - сабағын жақсы оқу, екіншісі - университеттің ішкі тәртібіне бағыну. Тәртіп болған жерде тәрбие болады, тәрбие болған жерде білім болады. Бұл - Шәкәрім университетінің ұстанатын басты қағидасы.

Осы арада жаз бойы демалыссыз бар ынтасымен қызмет көрсеткен қабылдау комиссиясының ұжымына ерекше алғыс айтамыз. Олардың ішінде 20-ға жуық сту-

дент күндіз-түні талмай жұмыс атқарды. Зор еңбектері үшін алғыс хаттары табыста-лып, сыйақы берілді.

Құрметті 1 курстықтар!

Сіздердің алдарыңызда үлкен мүмкіндіктердің панорамасы ашылады. Бүгіннен бастап сіздер «Шәкәрім жастары» деген атқа иелік қылдыңыздар! Ол үлкен бедел, әрі жауапкершілік. Белсенді студентке айналу, ана тіліңмен қатар ағылшын, түрік тілдерін меңгеріп, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік университеттерде 1 семестр оқып, біліміңді шындау, қос дипломды бағдарламаға қатысу. Университет қабырғасында қала, облыс деңгейінде өтетін түрлі интеллектуалды, мәдени, спорттық шаралардың бел ортасында жүру.

Данышпан Абай бір сөзінде айтқан екен: *«Адамның адамшылығы істі қалай бастағанынан белгілі болады. Қалай аяқтағанынан емес»*, - деп. Сондықтан да Шәкәрім жастарының қатарын толтырып 1 курс студенттеріне, қара шаңыраққа келген алғашқы қадамдарына сәттілік тілеймін!

Сіздердің іштеріңізден болашақта ел қамын ойлар еңбектің ерлері де, әлемдік жаңалық ашар ғалым да, ел бастар көсем мен сөз бастар шешен де шығарына біз, Шәкәрім ұстаздары кәміл сенеміз. Сол сенімге селкеу түсірмеу керек!

Еңбекпенен, өрнекпенен,

Өнер ойға тоқылса

Жайнар көңіл,

Қайнар өмір

Ар білімі оқылса, – дейді данышпан Шәкәрім бабамыз.

Адамзатты алға сүйреп ар білімін ұлықтайтын бүгінгі мереке баршаңызға құтты болсын!

**Басқарма төрағасы – Ректор
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**



Қасиетті қарт Семейдің төрінде, осы-дан 88 жыл бұрын іргетасы қаланған қарашаңырақ – Шәкәрім университетіне қош келдіңіздер! Сонау 1934 жылы мұғалімдер дайындайтын институт болып құрылған білім ошағы бүгінде бірнеше оқу орындарын біріктірген әлемге танылған көпсалалы университетке айналды.

Абай бабамыздың мақамына салсақ,

Дүние үлкен көп, заман соққан жел

Алдыңғы толқын ағалар,

кейінгі толқын інілер

Кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер!

Тарих беттерін парақтасақ, тоқсан жылға жуық уақытта 100 мыңнан астам түлек өмір асуларына жолдама алды. Берісі қазақ елін, арысы алыс-жақын шет елдерді бағындарған талай түлектеріміз елге танылып, тұлға атанды. Атап айтар болсақ, қазақтың көрнекті тұлғалары, ірі қоғам қайраткерлері – Жүсіпбек Дәукеев, Жақия Шайжүнісов, Қожахмет Балахметов, Мақтай Сағдиев, Хафиз Матаев, Алаш арыстарының жоқшысы, абайтанушы-ғалым Қайым Мұхамедханов, әлемдік деңгейдегі математик-ғалым – Төлеубай Аманов, ұстаздардың ұстазы – Қанипа Бітібаева, балуан, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы, - Жақсылық Үшкөмпіров, академик-Ғарифолла Есім, танымал композитор, - Төлеген Мұхамеджанов, қара шаңырақтың тізгінін ұстаған – Михаил Панин, Зейнолла Тоқаевтар, Семейде әдебиетшілердің ғылыми мектебін қалыптастырған Арап Еспенбетовтер, бүгінде білігімен әлемді бағындырған барыстар – Айбек Нұғымаров пен Мұхит Тұрсын, төрткүл дүниені білімімен таңдай қақтырған «Әлем

ОБРАЗОВАННАЯ МОЛОДЕЖЬ - БУДУЩЕЕ СТРАНЫ!

Развитие сотрудничества с зарубежными вузами-партнерами является одним из важных стратегических направлений деятельности Shakarim University.

22 августа состоялся визит делегации Kyungdong University в наш университет, основная цель которого - развитие многовекторного сотрудничества в области стратегического партнерства, а также реализация новых академических, исследовательских проектов.

В рамках мероприятия состоялась встреча Председателя Правления – Ректора Shakarim University профессора Бауыржана Ердембекова с Президентом Kyungdong University Lee John Куи.

– Мы должны продолжить наше деловое сотрудничество и реализацию совместных проектов, которые осуществляются благодаря нашим студентам, – отметил ректор Shakarim University Бауыржан Амангельдыевич.

В ходе встречи был подписан новый Меморандум о сотрудничестве между Shakarim University и Kyungdong University, а также состоялась презентация новой дву-



дипломной образовательной программы бакалавриата «Korean Studies» (бакалавр корееведения).

По мнению специалистов Центра международного сотрудничества #ShakarimUniversity, деятельность которого направлена на интеграцию нашего вуза в мировой опыт образования и науки, эта программа должна привлечь студентов: ведь они смогут изучать корейский и английский языки.

Президент Kyungdong University Lee

John Куи отметил, что рад посетить Университет имени Шакарима еще раз. Во время встречи с профессорско-преподавательским составом, студентами нашего вуза и их родителями он рассказал историю из своей жизни:

– Я был беден. Не видел будущего в Корее. И решил уехать оттуда. У меня было всего 100 долларов. Спустя годы я стал президентом одного из вузов Австралии. Когда Корея стала процветать после войны, я вернулся туда, чтобы изменить страну, внести свой вклад в ее развитие!

Обращаясь к студентам, Президент Kyungdong University Lee John Куи сказал:

– В настоящее время в мире уделяется большое внимание качественной коллаборации между вузами. Сотрудничество Kyungdong University с Shakarim University – хорошее тому подтверждение. В этом году около десяти студентов вашего вуза получили диплом Kyungdong University.

Наша миссия – дать студентам лучшее образование. Четыре года обучения в вузе являются решающими для вашего будущего. Не тратьте их впустую. Вы должны использовать возможность обучиться и внести свой вклад в развитие своей страны.

Президент Kyungdong University преподнес подарок нашим студентам – это бесплатное обучение в первом семестре.

За вклад в развитие международного сотрудничества в области образования Президент Kyungdong University Lee John Куи был награжден медалью «Ұлағатты Ұстаз».

Программа дудипломного образования еще не востребована в Казахстане. Сотрудничество в этом направлении необходимо развивать. Благодаря этому мы сможем увеличить количество студентов, которые будут обучаться по программам академической мобильности.

Турсын ИСАБАЕВА
кандидат педагогических наук



ӨНЕР ЖӘНЕ МУЗЫКА КАФЕДРАСЫ: ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІС

Гуманитарлық-экономика факультетінің Өнер және музыка кафедрасында оқу жылы жоспарына сай кафедра отырысы өткізілді. Жиын барысында кафедра меңгерушісі Бақытгүл Кабидоллақызы жаңа оқу жылы процессіндегі болып жатқан маңызды ақпараттарды кафедраның ПОҚ құрамына баяндады.

Отырыс барысында кафедраның ғылым жөніндегі жауапты жетекшісі Еркебулан Ертісұлы кафедра әлеуетінің дамуына үлес қосу үшін кафедраны «Өнер әлеуметтануы» жылы деп атауды ұсынды. «Өнер әлеуметтануы» жалпы, әрі қағида түрінде алынғанымен жұмыс реттілігі бойынша екі бағыт ұстанады. Олар «Дизайн коммуникациясы» мен «Музыка экономиясы». Өнер әлеуметтануы – өнердің әлеуметтік қызмет ету мәселелерін және өнер мен қоғамның өзара әрекеттесуінің әртүрлі формаларын зерттейтін сала. Оның эмпирикалық және теориялық бағыттары бар. Өнердің теориялық әлеуметтануы өнер мен қоғамның өзара байланысының формаларын, әлеуметтік топтар мен билік институттарының көркем шығармашылықтың даму

тенденцияларына және көркемдік критерийлеріне әсерін анықтаумен айналысады. Өнердің эмпирикалық әлеуметтануы көрермендерді, олардың өнерді қабылдауын зерттейді, көркем шығармашылық процестеріне, оны қабылдауға сандық талдау жасайды.

Осы орайда кафедра прагматикалық үдеріс эмпирикалық бағытты көздеді. Сәйкесінше, кафедрадағы «Өнер әлеуметтануы» жылында «Дизайн коммуникациясы» мен «Музыка экономиясы» Семей қаласындағы көркемдік шығармашылық процестердің қоғаммен байланысы зерделемек. Кафедра ұжымына жаңа оқу жылында сәттілік тілейміз!

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
журналист





Бүгінгі қолданыстағы заманауи Конституциямыздың ең басты ерекшелігі мен құндылығы, әрі тұрақтылығы мен өміршеңдігі - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең бірінші кезекке қоя білуі.

Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын Негізгі Құжат – Конституция. Олай болса, Ата заңды киелідей аялап, қастерлеу – ұлттың ұлы парызы.

ҚР Конституциясы – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім. Ағымдағы жылдың 5 маусымында референдум арқылы Конституцияның 33 бабына 56 түзету енгізілгеніне баршамыз куә болдық. «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 31 және 33-баптарына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының дауыс беру нәтижелері туралы ұсынған хаттамаларының негізінде қабылданған Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының қаулысына сүйенсек, референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны - 6 163 516 немесе дауыс беруге қатысқандардың 77,18% құрайды. Осы негізде 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдумға шығарылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды деп есептеледі.


Бүкілхалыққа қабылдаған біздің өркендеуіміздің басты құжатына айналған Ата Заңды құрметтеу біздің міндетіміз және парызымыз. Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын, Конституцияның қалыптасу тарихын жақсы білуге тиіс. Конституцияны құрметтей және сақтай отырып, оның тарихы мен маңызын сезіне отырып, біз өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз. Еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Өйткені, біздің негізгі Заңымыз – Қазақстан халқының саналы таңдауы, өркендеген дамудың кепілі. Негізгі Заң азаматтардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды. Бұл бұрынғы авторитарлық саяси жүйенің демократиялық жүйеге және тұтастай алғанда экономика мен мемлекеттің құрылымдық қайта құрылуына, жаңа экономикалық және әлеуметтік қатынастардың эволюциялық қалыптасуының негізіне айналуына әкелуге бағыттайтын құжат.

Биыл Ата Заңымызға 27 жыл. Бұл сан басқа дамыған мемлекеттер үшін аз уақыт шығар, ал біз үшін осы жылдар жасампаздық пен мемлекетіміздің қалыптасу жылдары болды десек, еш қателеспейміз. Қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт ретінде отанымызды мекендеген барлық ұлттарды бауырына тартып, өзінің дархандығын таныта отырып, бейбітшіл азаматтық қоғам орнатты. Соның арқасында айрандай ұйыған әлемдік қауымдастық толық мойындаған демократиялы, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құрылды. Қазақ елінде заң үстемдігін орнататын десек, ең алдымен Конституцияны және осыған негізделген барлық заңдармен өзгеде құқықтық актілерді бұлжытпай орындап сақтай білуіміз керек.

Ең бастысы, Қазақстан мемлекеттігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берген Конституция Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр. Ендеше, әрбір қазақстандық Ата Заңымызды сыйлап, құрметтей білсе, сол игі!

Назигүл ГАЗИЗОВА
Әлеуметтік мониторинг және
болжау орталығының басшысы

**Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.**
Әл-Фараби



Қазақ халқы ежелден-ақ адал еңбекке жоғары баға берген. Еңбексүйгіш адам болып қалыптасу үшін қазіргі әрбір жас талапкер ізденіс жолында аянбай еңбек етуі тиіс. Білім жолында тұлғалық деңгейде даму үшін кәсіпке баулу мүмкіндігі мол әрі техникалық әлеуеті жоғары Шәкәрім шаңырағына құжаттарымыз ойланбастан тапсырдым. Мен үшін жоғарғы білім алатын ортам перспективті жастардың ошағы болуы - өзіме қойылған талаптардың бірі болатын. Естіп, біліп келуімше, Шәкәрімнің қабырғасынан білікті мамандар жыл сайын оқуын тәмәмдап, еліміздің түкпір-түкпірінде атын естіріп жататын. Келешекте филология факультетінің жарып шығар тіл маманы атану қазіргі таңға қойған ең айқын мақсатым. Маман демекші, “мамандық” - жай жауапкершілікті һәм маңызды іс қана емес, бұл менің бүгін де, ертең де өкінбей, ерекше ынтымақ іске асырып отыратын өмірімнің маңызды бөлігі екенін жақсы түсіне білдім.

Менің түсінігім бойынша, қазіргі кезде ана тіліміздің мәртебесінің төмендеп бара жатыр. Бұны жасырып, жоққа шығарудың еш себебі жоқ. Сол себептен, орта сыныптардың өзінде, мен әрдайым “қазақ тілі” сабағын асыға күтіп отыратынмын. Тілімізді тереңірек біле түсу, тіл тарихын қарастыра отырып, оның құлаққа қаншалықты әдемі естілетінін де, сол кезден аңғара бастаған сияқтымын. Қуанышқа орай, тілге деген аса құрмет пен ыстық махаббатыма толы жолымда - алдымда тек нағыз шебер, даңқты ұстаздар шығып отырыр. Бұл ұстаздардың арасында бітірген 4 мектебіміздің қара шаңырағындағы - Бердікенов Уалихан Мұратұлы да болды. Осы кісінің демеуі мен тәлімінің арқасында, тілге деген көзқарасым одан әрі өршіп, қызығушылығым арта түсті. Осы пәндерді бейіндік пән негізінде таңдағаным да, ешқандай өкініш сезімдері болып көрмеді. Туған тіліміздің әсем қырлары мен бүгінгі күндегі маңызын таныта білген ағайыма тағзым етемін! Сіздің “шәкіртіңіз” болу - бекерден бұйырмаған шығар.

Қазақ тілінің жастар арасында «трендке» айналуына үлес қосуды өзгелерден емес, алдымен өзімнен бастауды дұрыс деп шештім. “Тілді насихаттау мақсатында меннен кейінгі жас буынға тілімізді сақтау, сүйу және қадірлеуді үйрете алсам, тіл мәселесі қазіргі күндегідей #1-ші мәселе болмас” деген нық сезім бар.

Университетімізге ұлы данышпан - Шәкәрім Құдайбердіұлының аты текке берілмеген. Бұл кісі, бәріміз білетіндей, көзі тірісінде тек әлеуметтік-саяси мәселелер жайлы зердеп, жазып, жырламаған. Ол кісі - нағыз тілжан, философ болған еді. Үнемі демократтық, патриоттық, гуманистік-ағартушылық бағытта болды. Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, қазақ тіліндегі керемет туындылар шыққан, алайда өз кезегінде кеңестік-тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, “халық жауы” аталған. Өмірінің соңғы кездерінде мадақ пен құрметтің орнына, құдыққа тасталған денесі суық қара жердің топырағын ғана сезе алды. Әрине, өте өкінішті. Шәкәрім сынды тілге жақын батыл-ойшыл тұлғалар тарихымыздың әрбір бетінде өшпестей із қалдырған. Осы туралы ойласам, “Сонда, бұл кісілер не үшін, кім үшін жанын берген? Нені мақсат еткен, көздеген?”-деген ой маза бермейтін еді. Ал қазір, “студент” атанған күнімде мен өз сұрағымға жауап бере алдым.

Тарихи оқиғалар, тұлғалар бекерден-бекер орын алмаған. Бұл кісілер - біз үшін, болашақ Қазақстан жастары үшін тер төккен. Көзінің қарашығындай тарихымызға, тағдырымызға толы сыр-сандығын беріп келді, ал ендігі біздің парызымыз - кеміп жатқан тұсын толтырып, аялап, жастардың қолдауымен дарытып, келесі ұрпаққа бере алу. “Абай, Шәкәрім, Ахмет сынды аталарым мені мақтан тұтсын, рухтары алаңсыз бақылаумен кешсін”-деп алға нық қадам басып келемін!

Шырын ЕЛТАЙ
Филология факультетінің 1 курс студенті

АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ



Өңірде педагогтердің облыстық тамыз конференциясы ұйымдастырылды.

Конференцияға облыс әкімі, қаланың, аудандардың білім басшылары, ЖОО-ның әлеуметтік мәселелер жөніндегі басшылары, ардагер ұстаздар мен педагогтер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Жиын барысында әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Ісбек баяндама жасап, оқу орнында дарынды оқушы – білімді студент – білікті маман моделін іске асырылып жатқандығын тілге тиек етті.

«Мектеп оқушысын университетке тартуда біз жалаң агитациядан, мазмұнды профориентацияға көшудеміз. Аймақтағы мектептермен бірлескен жобалар бар. Университет базасында Академиялық гимназия ашу жұмысы қолға алынды. Мақсат: болашақта ұстаз болам деген оқушыларды өңірлерден іріктеп, 10-сыныптап бастап, бағыттап оқыту», – деді Басқарма мүшесі Берікхан Ісбек.

Сондай-ақ ауылдық жерлердегі оқушылар мен ұстаздарды қолдау масатында «Шәкәрім онлайн мектебі» ашылғандығын, бұл платформада оқушыларды педагогикалық

мамандықтарға тарту, олардың білімдерін толықтыру және ғылымға баулуға екпін түсірілгендігін атап өтті.

Дәстүрлі шарада облыстың білім саласындағы жеткен жетістіктерін айшықтайтын көрме ұйымдастырылды. Семей, Курчатов қалаларының, Абай, Ақсуат, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма және т.б. аудандары білім алушыларының «STEM-Fest» робототехника, 3D модельдеу саласында жеткен жетістіктері, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы, «Біздің бастамаларымыз» мектеп парламенті балалар қоғамдастығының оқудан тыс қызметті ұйымдастыру, Read-x оқу конференция алаңдары көрермен қауымға ұсынылды.

«Білімді ұрпақ; терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» тақырыбында өткен жиында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру, мұғалім мен оқушы арасында сенімді және өнімді қарым-қатынас орнату тәсілдері, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы негізінде өңірдің әлеуетін арттыру, өңір үшін білікті және сұранысқа ие мамандарды даярлау мәселелері талқыланды.

SHAKARIM UNIVERSITY ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В РЕГИОНАЛЬНОЙ АВГУСТОВСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

В области Абай прошла региональная августовская конференция, в которой приняли участие руководство области, лучшие руководители организаций образования, в их числе и университета имени Шакарима, представители средств массовой информации, эксперты и представители родительской общественности.

- Наша страна переходит на новый этап развития. Безусловно, в данном вопросе возлагается большая надежда на наших учителей, педагогов. Они способны воспитать поколение, которые будут вносить свой вклад в развитие нашей страны. Как известно, 2022 год – это год детей, и мы обязаны нести ответственность за их благополучие, гарантировать им успешное будущее. Уважаемые педагоги, через считанные дни мы будем праздновать день знаний. Пусть новый учебный год принесет вам только успехов и радостных моментов, - заявил аким области Абай Нурлан Уранхаев.

Во время конференции член совета директоров, проректор по социальной и воспитательной работе Берікхан Ісбекулы отметил, что в учебном заведении реализуется модель одаренного школьника – образованного студента – квалифицированного специалиста.

- При привлечении школьника в университет мы переходим от агитации к содержательной профориентации. Есть совместные проекты со школами всей области Абай. На базе университета начата работа по открытию Академической гимназии. Ее цель - начиная с 10 класса обучать учащихся, направлять их в регионы, чтобы в будущем развивать их навыки преподавания, - говорит он.

Берікхан Ісбекулы также добавил, что в целях поддержки учащихся и учителей сельской местности была открыта «Онлайн школа Шакарима». Здесь акцент сделан на привлечение учащихся к педагогическим специальностям, пополнение их знаний и при-



общение к науке.

Кроме того, на конференции были обсуждены вопросы социализации детей с особыми образовательными потребностями, способы установления доверительных и продуктивных отношений между учителем и учеником, повышения потенциала региона на основе программы «Цифровой Казахстан», подготовки квалифицированных и востребованных для региона специалистов.

БУДУЩЕЕ - ЗА НАУКОЙ

Сегодня мы становимся свидетелями различных глобальных вызовов. Но параллельно с этими вызовами внедряются инновации, ускоряется развитие IT-технологий и мобильность человеческих ресурсов. В этих условиях образование и наука должны быть на переднем крае преобразований общества и государства в целом. Глава государства Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что государственное финансирование науки в Казахстане за последние три года увеличилось на 70%. По его словам, наука рассматривается как важная составляющая научно-технического прогресса, без которого невозможно развитие общества, государства, движение вперед. Поэтому по его инициативе Правительству было поручено обеспечить ежегодные стажировки для пятиста ученых в ведущих научных центра мира, а также выделить тысячи грантов для проведения исследований в рамках проекта «Жас ғалым».



Проект «Жас ғалым» предназначен для выпускников грантовой докторантуры, защитивших докторскую степень. Его главная цель – увеличить количество ученых, которые будут вкладывать в развитие научной деятельности значительный вклад. По результатам конкурса, молодые ученые университета имени Шакарима стали победителями. в конкурсе на грантовое финансирование исследований молодых ученых по проекту «Жас ғалым» на 2022-2024 годы в рамках постдокторской программы. Ими стали Асемгуль Байкадамова и Мадина Джужанова. Shakarim Media провели интервью с одной из победительниц – Асемгуль Байкадамовой. Она подробнее рассказала о конкурсе и своем проекте.

Расскажите о конкурсе «Жас ғалым»? Как он проходил?

Комитетом науки Министерства Науки и высшего образования Республики Казахстан в этом году был объявлен конкурс на грантовое финансирование исследований молодых ученых по проекту «Жас ғалым» на 2022-2024 годы. Ознакомившись с конкурсной документацией под руководством научного консультанта, профессора, доктора технических наук Айтбека Какимова была подана заявка по теме проекта «Технология безотходной переработки мясокостного сырья КРС для использования в производстве мясных продуктов и обеспечение их пищевой безопасности».

Вы продолжите исследования по разработке технологии безотходной переработки мясокостного сырья КРС? Почему вы выбрали именно эту тему?

Сферой моих научных интересов являются безотходные технологии переработки мясокостного сырья и пищевая безопасность. Исследованиями в

этой области я занимаюсь с 2016 года. В 2021 году была защищена диссертация по теме «Обеспечение пищевой безопасности мясных продуктов мажущейся консистенции с использованием мясокостной пасты». Так как поиск эффективных безотходных технологий является актуальной темой исследований, было принято решение продолжить работать в этом направлении.

Чем ваш проект отличился от проектов других конкурсантов?

В рамках конкурса было подано множество заявок различной тематики. Каждый проект оценивается по определенным показателям. Представленный проект отвечает таким требованиям как актуальность, новизна, материально-техническое обеспечение, исследовательский задел у руководителя проекта. В проекте представлена технология получения мясокостной пасты, которая может быть использована в производстве мясных продуктов, что позволит повысить пищевую и биологическую ценности, а также уменьшить себестоимость конечного продукта.

Что планируете создать в рамках проекта?

В рамках проекта будет разработана технология мясных продуктов с использованием мясокостной пасты, например, колбасные изделия. Добавление мясокостной пасты позволит обогатить продукты минеральными веществами, такими как, кальций, фосфор, железо.

Какую сумму вы получили на финансирование проекта? Как будет распределяться бюджет?

В рамках конкурса максимальная сумма финансирования составляет 19 млн. тенге. Этот проект рассчитан на 18 717 248 тенге. Бюджет будет распределен по следующим статьям: оплата труда, приобретение материалов и

оборудования, командировочные расходы. Например, заложено приобретение такого оборудования как анализатор для определения содержания тяжелых металлов и комплекс по определению массовой доли азота и белка по Кьельдалю.

Как такие проекты смогут внести вклад в науку?

Прежде всего, такие проекты нацелены на развитие приоритетных направлений научных исследований. Совершенствование и создание новых технологий переработки сельскохозяйственного сырья позволит максимально эффективно использовать имеющуюся сырьевую базу, расширить ассортимент представленной продукции.

Почему важно проводить научные конкурсы и создавать проекты?

Проектная деятельность способствует улучшению имеющихся и созданию новых методов и технологий. Наука непосредственно взаимосвязана с производством. Инновации являются двигателем экономического развития.

Планируете ли участвовать в подобных конкурсах в дальнейшем?

Несомненно, в будущем планируется участие как в отечественных конкурсах на грантовое финансирование по научным проектам, так и международным, например, Horizon. Также в планах коммерциализировать имеющиеся результаты исследовательской деятельности.

Молодые ученые университета продолжают радовать своими достижениями. Подобные проекты, безусловно, станут толчком развития науки не только в нашей области, но и во всей стране в целом.

**беседовала
Замира МУРСАЛИМОВА**

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАМЫЗ

Кеңес одағы тұсында Семей атты киелі мекенімізде баршамызға мәлім қаламыздағы институттар өз саласына қатысты дербес мамандарды дайындап келді.

Алайда егеменді еліміздің тәуелсіздік алған жылдары басталған оңтайландыру үрдісі кезінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әлеуетін арттыру мақсатындағы бірқатар реформалық іс әрекеттер жоғарғы оқу орындарын да қамтыды. Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі №1518 қаулысымен 1995 жылы 13 қарашада қаламыздағы үш жоғарғы оқу орны: Семей зооветеринариялық, педогогикалық және технологиялық бағыттағы институттар біріктіліп Семей мемлекеттік университеті құрылды.

Семей зооветеринариялық институттың қара шаңырағы ретінде Ветеринария және агроменеджмент факультеті ашылып, оның алғашқы деканы профессор З.Қ Тоқаев тағайындалды. Міне, бүгінгі уақытта содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өткенімен өздеріне тиесілі мерейлі сәттерінде іш тартып демалатын сәтімде зымырап келіп қалған екен. Яғни, 2022 жылы 10 қазанда қара шаңырағымыздың 70 жылдық мерекесі Абай елінің қара шаңырағы Шәкәрім университетінде аталып өтіледі.

Өткенге көз жүгіртсек аталмыш оқу орнының тамаша тарихи танылымдарын парақтар болсақ, Кеңес Одағының АШМ №1794 бұйрығымен 25.12.1950 жылы ашылған болатын. Бұл сол кездегі ҚазССР-дің 3-ші ауылшаруашылық институты. Жоғары оқу орнының ресми құрылуы 1952 жылдың 1-ші қыркүйекте ашылып директоры У.Т.Ташмухаметов осы қызметке тағайындалған. Осы жылы алғаш 274 студент 1-ші курсқа қабылданды. Жалпы институттың құрылуы 1952-1954 жылдары қалыптасып, 1954-1967 жылдары аралығында өзінің материалдық базасы және профессор-оқытушылар құрамы толықтай қамтамасыз етілді. 1965 жылы «Бұлақ» оқу-тәжірибе шаруашылығы құрылды. 1966 жылы 1000 орындық студенттер жатақханасын, ветеринариялық клиниканы салдырып пайдалануға беруге қол жеткізді. 1957-1966 жылдар аралығында институтта 1128 ғалым зоотехник, 1111 мал дәрігерлері даярланды, оның 110 білім алушылары сырттай оқыды. 1994 жылы институт оқымыстыларының тікелей ғылыми-зерттеу жұмысының



арқасында жаңадан қылшық жүнді қойдың тұқымшыл типі «Байыс» асыл тұқым қойы шығарылды.

Қара шыңырақ 1996 жылдан бері факультет ретінде негізінен ветеринария және зоотехникалық бағыттағы мамандарды дайындаумен қатар кейінірек агрономия, орман және орман ресурстары мамандықтарын дайындау барысында білім беру мамандықтары ашылып, бүгінгі күнде бұл бағытта түлектерді дайындап шығаруда. 2001 жылдары факультетімізде «Жануарлар патологиясы, онкология және морфологиясы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациялық кеңес ашылып, сол кездегі ветеринария ғылымының докторлары: В.С.Степин және В.Н.Квятковский сынды профессорларымыздың жетекшілігімен Джаманова Г.Е., және Тойкина Г.Н. факультет қабырғасында аспирантураны аяқтап, кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғады. Бүгінгі күнде факультетімізде оқытушылық қызметтерін атқаруда. Сондай-ақ, факультетіміздің майталман ғалым оқытушысы, ветеринария ғылымдарының докторы профессор М.М.Искаковтың жетекшілігімен тәлім алып, ғалым болған оннан астам жас ғалымдар бүгінгі күні факультетімізде қызмет етуде. Бір өкініштісі осы майталман ғалым жетекшілеріміздің арамызда жоқтығы...

Қара шаңырақтың бүгінгі күнгі жетістіктеріне келер болсақ: факультетімізде 5 түрлі мамандықтың оқу бағдарламасы бойынша мамандар өзірленуде. Жалпы бір мыңнан астам

студент білім алуда. Оқу үрдісі заманауи талапқа сай Болондық жүйе негізінде оқу үрдісін жүргізуде. Әр мамандықтар бойынша оқу-өндірістік базалар практикасы қалыптасқан. Студенттер облысымыздың үздік шаруашылықтарында практикаларымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Факультет аясында ғылыми өндірістік сынақ алаңы ретінде «Агротехнопарк» ғылыми-зерттеу орталығы заманауи ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта бұл орталықты ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор С.М. Сейлгазина басқаруымен ағымдағы жылдың өзінде бірнеше стартаптың ғылыми жобалары жүзеге асырылуда. Агротехнопарк аясында шаруашылық мамандарының тікелей қатысуымен агроөндірістік кешендегі мәселелер бойынша ғылым практикалық семинар өтуі тұрақты түрде қалыптасқан. Аталған орталық жұмыстарымен алыс және жақын шет елдік ғалымдар да келіп тұрады. Бүгінгі күні факультетімізде мамандық бағдарламаларын әзірлеуде академиялық еркіндік пен жоғары оқу орны беретін мүмкіндік арқасында маманның қажеттілігіне қарай траекторияларды құрастыруда ғылыми-практикалық заманауи жетістікке жету қамтамасыз етілген.

Осыған орай құзіреттілік деңгейлері жетілдірілуде. Яғни білім беру бағдарламасының оқу жоспарында құрылымдық-логикалық ұстаным қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мал шаруашылығын асылдандыру-селекциялық жұмыстар бойынша студенттердің қатысуымен жұмыстар атқарылуда.

Мерейлі мереке қарсаңындағы ұйымдастырушылық және бүгінгі күнгі факультетіміздің тыныс тіршілігінің басқарылуы - факультет деканы ветеринария ғылымдарының кандидаты профессор міндетін атқарушы Н.Ж. Есенгулова, Ветеринария кафедрасының меңгерушісі PhD докторанты А.С.Ығиева, Ауыл шаруашылығы және биоресурс кафедрасының меңгерушісі ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты профессор міндетін атқарушы Г.Х. Нұржанова тарапынан білім бағдарламалары жүзеге асырылып отыр.

Ермекқазы БІЛӘЛОВ
ветеринария ғылымдарының
кандидаты



ШӘКӘРІМ МЕКЕНІ ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК БЕРУДЕ

Университетте біліп алып, таңдаған мамандықты үйрену оңай емес. Жылдан жылға, білім мен ғылымға талаптар күшейтіліп жатыр. Бір мамандықтың өзінде, түрлі пәндер орын алады. Ал олар сенің нағыз тұлға ретінде болашақта қандай маман болатынды көздейді. Менің мамандығым педагогика мамандығымымен байланысқандықтан, көптеген тәжіриберлерден өтемін. Бір қуантатын жаңалық, "Педагог мәртебесі" өз кезегінде үлкен дәріжеге жетіп отыр. Білім гранттарының саны да өсіп жатыр.

Академиялық ұтқырлық арқылы студенттер әлемнің түпкір университеттеріне оқуға барып, тәжіриберлерін артып жатыр. Мен де, қазір жазғы семестрді Германия мемлекетінде, Дрезден қаласындағы "TUDIAS" Technische Universität арқылы неміс тілі курстарын оқып, білім деңгейімді өсіріп жатырмын. Әлемнің түрлі мемлекеттерінен келген (Франция, Канада, Қытай, Индонезия, Италия, Ресей және т.б.) ең үздік студенттер біліп алып жатыр. Сонымен қатар, бірнеше әдіс-тәсілдермен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрмін. Мақсатым: Жаңа Әдіс-тәсілдерді игере отырып, өз Елімде білім жүйесінде қолдану.



25 жылдан астам уақыт бұрын Академиялық Алмасудың Германдық Қызметі (DAAD) Қазақстанда өз жұмысын бастады. Осы уақыт ішінде 3700-ден астам қазақстандық студенттер, мамандар және ғалымдар DAAD стипендиясы бойынша зерттеп, оқыды. Ондаған неміс ғалымдары мен оқытушылары қазақстандық университеттерде жұмыс істеді. Мен осы стипендияның иесі атандым.

Қазіргі кезде, университет Корея, Польша, АҚШ, Түркия және көптеген шетелдік мемлекеттермен ұзақ жылдар бойы серіктес. Менің ойымша, алдағы уақытта

Шәкәрім Университеті Германия мемлекетіндегі (мысалы, Humboldt Universität, TU Dresden, Goethe-Institut және т.б.) беделді университеттермен білім шарттарына отырып, серіктес орнататына сенемін. Себебі, әртүрлі мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттер, университеттердің арасында тәжірибелерін алмасып, еліміздің барлық салаларында мықты маман иесі болуына мүмкіндік береді. Шәкәрім Университетінің миссиясы: "Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру". Шәкәрім университетіне түсіум, мен үшін таптырмайтын үлкен мүмкіндіктерге жетуіме негіз болды. Университетке үлкен алғысымды білдіргім келеді. Университеттің студенттерге берер мүмкіндігі, жаңа жетістіктерге қол жеткізуі.

Сондықтан құрметті менің достарым, бауырларым және болашақ түлектер, егерде сапалы білім алып, сұранысқа ие мамандық алғыңыз келсе, Шәкәрім Университеті сіздерді, білімді тұлға болуға қалыптастырады.

Миржан ЕРКІНБЕКОВ
Филология факультетінің
4 курс студенті



ӘЛЕУМЕТТІК КРЕДИТ

Жаңа оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастауымен жоғары білім алушы студенттерге жаңа міндетті талап - «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасы енгізілді.

Бұл жобаның негізгі мақсаты студенттерді білімге ғана емес, сондай-ақ еңбекке, қоғамға пайдалы қызметпен шұғылдануға, табиғатты қорғауға тәрбиелеу болып табылады. Ертеде атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби атамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» - деген сөзін ескерсек, жас ұрпақты еңбекке және жауапкершілікке тәрбиелеу қазіргі құндылықтардың деформациясы болып жатқан заманда өте маңызды.

Осылайша осы жоба аясында өз ережесін бекіткен Шәкәрім университеті қыркүйек айынан бастап әрбір студентке бір оқу жылында 60 сағат (1 кредит 30 сағат) мөлшерінде әлеуметтік кредиттің өтелу жоспарын ұйымдастыруды бастайды.

Білім алушы жеке рейтингке кіретін әлеуметтік кредитін өтеу үшін волонтерлік қызметін міндетті түрде оқудан тыс уақытта айналысуы қажет. Бұл міндетті кредитті толық орындаған кезде ғана келесі курсқа көшу мүмкіндігін алады.

Айта кету керек, студент әлеуметтік кредитін өту үшін әртүрлі бағыттағы қоғамға пайдалы қызметпен шұғылдана алады (мысалы, «Жылы жүрек», «Таза әлем», «Білім» бағыттары) және оны университеттің Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті жүзеге асырады.

Мұхтар АБДИКАКИМОВ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі әдеп уәкілі, PhD

SHAKARIM UNIVERSITY ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ — 2022 ФОРУМЫНДА

Қазіргі еңбек нарығының өзгеруіне байланысты адами капиталдың үздіксіз дамуы шешуші мәнге ие болады. Мұнда, бастапқыда, адамға салынған инвестициялар жиынтығы маңызды, бұл оның жұмыс істеу қабілетін — білім мен кәсіби дағдыларын арттырады. Ғылымның дамуы да маңызды, өйткені адам капиталын ескерусіз бірде-бір зерттеуді қарастыру мүмкін емес.

24-25 тамызда Шәкәрім университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков бастаған делегация «Адами капитал – жаңа Қазақстан дамуының негізгі ресурсы» форумына қатысты.

Форумды Ғылым және жоғары білім беру министрі Саясат Нұрбек «Қазақстанның ғылымы мен жоғары білімі»: қайта құру нүктелері» форсайт-сессиясымен ашты. Министр өз сөзінде қойылған проблемаларды іске асыру үшін ғылым мен жоғары білім өңір мен жалпы ел экономикасының нақты қажеттіліктерімен үйлесуге тиіс екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесін көтеруді тапсырды. Үкімет жанынан арнайы жұмыс тобы құрылды. Бүгін форумда университеттегі ғылым мен қолданбалы ғылымның қызмет ету мәселелері талқыланды. Мақсатымыз – жоғары оқу орындарын зерттеу моделіне көшіру», - деді Саясат Нұрбек.

Спикерлер адами капиталды дамытудың маңызды мәселелерін қозғады, жоғары оқу орындарының басшылары, ғылым және ЖОО-да ғылым мен білім беруді дамыту жөніндегі академиялық мәселелер жөнінде проректорлар үшін көптеген пайдалы ақпарат берілді. Халықаралық және отандық сарапшылар ғылым, технологияларды коммерцияландыру саласындағы өздерінің табысты тәжірибелерімен және орын алған проблемаларымен бөлісті, SCIENCE DIRECT және SCOPUS ақпараттық ресурстарына қол жеткізу мәселелерін талқылады.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
журналист

МЕНИҢ ӨМІР ЖОЛЫМ, МАМАНДЫҒЫМ

Қайырлы күн, құрметті оқырмандар! Бүгінгі мақалам өзім туралы болмақ. Менің есімім Бекнұр. Семей қаласының қарапайым тұрғынымын. 2001 жылдың 6 тамызында дүниеге келдім. Анамның айтуынша 1 жас шамасында болғанымда тәй-тәй басып, сылдырланған үнмен сөздерді айтып үйреніппін.



2006 жылы 5 жасымда Семей қаласының №15 жалпы орта білім беретін мектебінің 0 «Ә» сыныбында оқыдым, ал 6 жасымда 1 сыныпқа көштім. Алғашқы ұстаздарым Мусина Анар Айтқалиқызы мен Мухаметова Альмира Болысхановна болды. Сол кезден бастап оқуға деген қызығушылығым жоғары болатын, содан болар қазірдің өзінде күнде жаңа бір ақпаратты тауып, білім іздесем, орнымда отыра алмаймын.

Мектепте оқып жүрген кезімде түрлі қалалық, облыстық конкурстарға, олимпиадаларға белсене қатысып жүрдім, жүлдегер болдым. Әсіресе, маған химия және биология, содан соң ағылшын тілі пәні ұнайтын. 5 сыныпта ағылшын тілі пәнінен қалалық олимпиадада III орын, 10-11 сыныптарда қалалық олимпиадада биология мен химиядан II орын иелендім.

2017-2018 оқу жылында мектеп түлегі болдым, үздік аттестат иегері атандым. Мамандық таңдау мәселесі туындады. Ойлай келе, ҰБТ нәтижелері бойынша Шәкәрім университетінің «Химия-Биология» мамандығын таңдадым, яғни педагог болғым келді. Сөйтіп, 1 курсқа ақылы түрде оқуға түстім. Содан кейін, тобымдағы ШҚО облысы әкім грантының иегері болған студент басқа қалаға көшуіне және оқудағы жетістіктеріме байланысты оның гранты маған бұйырды.

Университет қабырғасында, 1-2 курста Жаратылыстану-математика факультетінің кіші деканатының құрамында болдым. Кафедра, факультет, университет көлемінде ұйымдастырылған әр түрлі іс-шараларға қатыстым. Екі семестр «повышенная стипендияда» оқыдым. 2020 жылы карантин басталғанда, хоббиімді дамытып, «BeKa Toleu» YouTube арнасын аштым. Ондағы видеоларымның тақырыбы өзін-өзі дамытуға байланысты, қазір арнамда 1000-нан аса көрермен бар.

2021-2022 оқу жылы бакалавриаттың соңғы оқу жылы болды. Оқу жылының басында әр университет түлегінің көкейінде жүрген сауал менде де болды. Ол «Дипломдық жұмысымның тақырыбы қандай болмақ?», «Қандай зерттеу жұмысын жасасам болады?» деген сұрақтар. Ойлана келе, «Биология және химия пәндерінен 8 сынып оқулықтарына және оқу бағдаламаларына оқу-әдістемелік талдау» тақырыбын таңдадым. Дипломдық жетекшім а/ш ғ.к., аға оқытушы Садықова Райгүл болды. Сол кісінің жетекшілігімен дипломдық жұмысымды 92 баллға қорғап шықтым. Сонымен қатар мемлекеттік іс-тәжірибемді «№27 ЖОББМ» КММ-де

өттім, 10 апта ішінде биология және химия пәндерінен 12 сабақ және сынып жетекші ретінде 11 «А» сыныбында 3 тәрбие сағаты мен сыныптан тыс жұмыс жасап, өткіздім. Сол еңбегімнің жемісі практикандан алған 95 баллым болды. Одан бөлек, «Менің ең үздік конструктивтік сабағым» конкурсында II орын алдым. 4 курс бойы магистратураға кешенді тестілеуге де дайындалып жүрдім.

4 жыл бойы оқуымның нәтижесі жоғары білім туралы үздік диплом болды. Дипломымның орта баллы GPA 3.69 болды. Сәуір айында болған Ұлттық Біліктілік Тестілеуінен шектік деңгейден асып (өз пәнінен 35 балл, педагогикадан 15 балл), 58 балл жинап, «Педагог» категориясын алдым.

Бакалавриатты тәмамдаған соң, жұмысқа орналасу және оқуымды әрі қарай жалғастыру ойымда болды. Сол себепті, қала мектептерінің ішінен бос жұмыс орын іздедім, мектептердің, қалалық білім басқармасының ресми сайттарын күнде қадағалап отырдым. Сөйтіп, Назарбаев Зияткерлік мектебінде бос жұмыс орындарына конкурс болатынын білдім, онлайн түрде (сайт арқылы) өтініш білдіріп, түйіндемеді тіркеп, конкурсқа қатыстым. 2022 жылдың 18 маусымында конкурс өтті. Конкурста 25 сұрақ болды, 80 минут уақыт берілді. Университет түлегі болғандықтан конкурстан өту үшін 40% дұрыс жауап белгілеу қажет болды. Химия пәнінің мұғалімі лауазымына конкурстан өттім, ол туралы маған мектеп әкімшілігі конкурс өткеннен кейін 1 айдан соң хабарласып айтты. Сонымен қатар, магистратураға кешенді тестілеуге де өтініш бердім. Шілде айының 21інде кешенді тестілеу болды. M013 Химия педагогтерін даярлау мамандығын таңдадым. 150 баллдан 93 балл жинадым.

Мемлекеттік грант конкурсының нәтижесінде магистратураға грантқа түстім және НЗМ-не жұмысқа орналастым.

Сөз соңында айтарым, адам өмір бойы оқу керек, даму керек, өзгеру керек. Тек сонда ғана, қандай да бір жетістікке жете алады. Болашақта магистратураны аяқтап, НЗМ мектебінде жұмыс істеп, докторантураға түскім келеді.

Бекнұр ТӨЛЕУБАЕВ
Жаратылыстану-математика
факультетінің 2022 жылғы түлегі



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

📧 semgu_2020@bk.ru

🌐 <http://shakarim.edu.kz/>

📷 [@shakarim_university_](https://www.instagram.com/shakarim_university_)

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК медиа орталықта басылып шығарылды. Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а